

Энергетика институты директорының ғылыми-зерттеу жұмысы және интернационалдандыру жөніндегі орынбасары;

Ауыл және орман шаруашылығы институты директорының ғылыми-зерттеу жұмысы және интернационалдандыру жөніндегі орынбасары;

Жер ресурстары және сәулет институты директорының ғылыми-зерттеу жұмысы және интернационалдандыру жөніндегі орынбасары.

**Институт директорының ғылыми-зерттеу жұмысы және интернационалдандыру жөніндегі орынбасары лауазымына біліктілік талаптары:** тиісті бейіндер бойынша жоғары білім, ғылым кандидаты және / немесе PhD докторы және / немесе ғылым магистрі, білім беру ұйымдарында және/немесе мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі – 2025 жылғы қыркүйектің 8-нен қыркүйектің 22-ін қоса алғанда (сағат 18.00 дейін).**

**Конкурсты өткізу орны:** Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62, бас ғимарат.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізімі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректордың атына өтініш (2-қосымша) береді.

**Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:**

- кадр есебі бойынша жеке іс парағы;
- жоғары білім, ғылыми және ғылыми дәрежелер туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмелері (декан немесе кафедра меңгерушісі лауазымына құжаттарды тапсыру кезінде «Білім беру менеджменті» сертификаты болуы керек);
- кандидаттық немесе докторлық диссертацияның коды бар авторефераттың титулдық беті;
- қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімі (бар болса);
- профессорлық-оқытушылық құрамның бос лауазымдарына орналасуға арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін берілген мамандық бойынша танылған жетістіктері бар ғылыми жобаның немесе практикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы (электрондық нысанда, 10 слайдтан аспайтын); сонымен қатар декандар үшін факультеттің 4 жылға даму

жоспарының презентациясы, кафедра меңгерушілері үшін 3 жылға кафедраның даму жоспары (электронды түрде, 10 слайдтан аспайтын);

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № 175 бұйрығымен бекітілген № 075 нысандағы медициналық анықтама;

- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама («электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы беріледі);

- соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама (Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш берген кезде беріледі);

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11304 болып тіркелген) бұйрықпен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушы тіркелмегені туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы.

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес конкурсқа қатысушы тіркелмегені туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы.

\* Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес пакетін ұсыну өтінішті қабылдаудан кез келген нысанда бас тартуға негіз болып табылады.

\* Барлық құжаттар тізбеге беріледі.

**Анықтама үшін байланыс телефоны: 39-78-08**

**Мекен -жайы:** Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62, Әкімшілік департаменті